

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ  
КЕРЕК**

**Оқылым  
11 –сынып**

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

<b>Басы</b>	<b>А</b>
<b>1</b>	
<b>2</b>	
<b>3</b>	
<b>4</b>	
<b>5</b>	
<b>6</b>	
<b>7</b>	
<b>8</b>	

**Американдық этнограф Анна Генина ағылшын тілінен гөрі қазақ тілін көбірек қажетсінеді**

**Американдық этнограф Анна Генина ағылшын тілінен гөрі қазақ тілін көбірек қажетсінеді**

**А.** “...- Анна, қазақ тілін үйренуге не түрткі болды?”

**В.** - Сіз осы жазда Баян-Өлгей аймағында болып қайттыңыз. Ондағы мәдениет пен өмір сүру деңгейі қалай екен?

**С.**- Дәл осы мәселеге мен көп назар аудардым. Әсіресе, жұрттың көбі Қазақстанға көшуге неге ынталы екендігін білгім келді. Менің ойымша, әрине, ең негізгі себеп – экономикалық ахуал көрінді. Егер Моңғолияда экономикалық жағдай жақсарып, өмір сүру деңгейі дұрыстала қалса, адамдар көшіп кету райларынан қайта қалады екен. Биылғы жұт оларды тұралатып кетіпті. Сондықтан да, көшуге ынталылардың саны артып отыр. Дегенмен, бұның өзі шартты жағдай. Жасы жер ортасына келіп қалған қарттар көшуге тым ынталы емес, ал жастарда керісінше көңіл-күй. Өйткені, олар өздерінің білімдерін кішкентай Өлгейде қәдеге жарата алмайды екен. Сол себепті де рыногы үлкен Қазақстанға қарай ұмтылатын көрінеді”.

**Д.** - Мен Қазақстанға оралған оралмандар туралы зерттеу еңбегін жазып жүрмін. Соның ішінде Моңғолиядан келген қазақтар туралы. Себебі, олар 1991 жылы Қазақстанға көштің алғашқы легін бастап келген еді. Олардың келу тарихы да қызық. Сол себепті де мен осы тақырыпты таңдап алдым. Ең

алғаш Қазақстанға 2006 жылы келдім, сонда Шамалған ауылындағы Моңғолиядан оралған қазақтың үйінде тұрдым. Сондай-ақ, өзге де репатрианттармен танысып сұхбаттастым. Екінші рет 2008 жылы күзде келгенмін, мұнда жылдан астам уақыт болдым...

**Е.-** Осы жазда шілде мен тамыз айларында Баян-Өлгейде болдым. Жаздың кезі болғандықтан, көбі киіз үйін тігіп, жайлауға шығып кетеді екен. Көбі – мал шаруашылығымен айналысады екен. Сондай-ақ, қолөнермен айналысу ісі де жолға қойылған. Мен сонда жүрген кезде екі үлкен кооператив ашылды. Онда негізінен әйелдер жұмыс істейді. Ұлттық нақыштағы заттарды өндіріп шығаратын кооперативтер еді. Осы қыста Моңғолияда жұт болған екен. Сондықтан, биылғы көктем мен жаз олар үшін тым көңілді емес көрінді. Көбі Қазақстанға қоныс аударуға ниетті екендіктерін білдірді.

**Ғ.** Мен Өлгейдің өзінде болдым. Бірақ, көктем шығып, күн жылынысымен олар киіз үймен жайлауға кетіп қалады екен. Демек, әлі күнге дейін көшпенділік дәстүрі үзіле қоймаған. Олардың барлығының да қалада жұмысы, қызметі бар. Бірақ, бәрібір өздерінің тамыры бастау алатын өмір салтынан қол үзгісі келмейді. Сондай-ақ, Қазақстанға қоныс аударып кеткен қазақтардың көбі жазғы демалыстарын сонда өткізуді жөн санайды екен. Екі ел арасында виза қажет емес. Өлгейдегі тұрғындардың басым көпшілігі – қазақтар. Бәрі қазақ тілінде сөйлейді екен. Сондай-ақ, онда этникалық моңғолдармен де ұшырасып қаласыз. Дүкен ұстап тұрған бір моңғолдарда да қонақта болдым. Олар да қазақ тілінде сайрап тұр. Жасамыстарының көбі Совет Одағында білім алған, орысша біледі, жастары Еуропа елдерінде оқиды екен, ағылшынша жақсы сөйлейді. Мені таңғалдырған тағы бір дүние – интернеттің, коммуникацияның өте жоғары деңгейде дамығаны. Қазақстанда кейде тіпті қалалы жерлерде интернет табу оңайға түспейді ғой. Табылса да, әжептәуір қаржы керек. Ал, онда интернет проблема емес екен. Ұялы байланыстың құны тым арзан әрі интернетке қосылған...

**Г.** - Жалпы, көшіп кетушілер мен көшуге ниеттілердің санын анықтау мүмкін бе екен?

**Н.** - Зерттеу тақырыбыңыз қалай еді?

**І.** - Қазақ тілі ең әуелі менің жұмысыма қажет болды. Мен негізінен Қытайдан, Моңғолиядан келген қазақтармен қарым-қатынас жасаймын. Олар орысша білмейді немесе қажетті деңгейде сөйлей алмайды. Олардың ана тілі – қазақ тілі ғой. Демек, маған ең әуелі қазақ тілі практикалық тұрғыда қажет болды. Екіншіден, Қазақстанға келетін болған соң, сол елге деген құрмет белгісі ретінде қазақ тілін аз да болса да үйренуге тырыстым. Әрине, мен қазақ тілінде еркін сөйлей алмаймын.

**Тест тапсырмалары:**

**9. Американдық этнограф Анна Генина не үшін қазақ тілін үйренді?**

а) Қазақстанға оралған оралмандар туралы қазақша кітаптарды оқу үшін

в) Дүкен ұстап тұрған бір моңғолдармен бизнес жүргізу үшін

- с) Қазақстанға тұрақты қонысқа көшіп келетін болғасын
- д) Қазақстанға келетін болған соң, сол елге деген құрмет белгісі ретінде қазақ тілін аз да болса да үйренуге тырысты
- е) Қазақтарды Америкаға қонаққа шақыру үшін

**10. Моңғолияда тұрған қазақтардың көбі Қазақстанға қоныс аударуға ниетті, өйткені**

- а) оларға Моңғолияның табиғаты ұнамайды.
- в) Моңғолия билігі оларға қысым жасайды.
- с) олар моңғол тілін білмейді.
- д) қазір Моңғолияның экономикалық жағдайы жақсы емес.
- е) Моңғолияда интернет, коммуникация төмен деңгейде дамыған.

**2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, мына кестедегі сөздермен толықтырыңыз.**

**Шоқан туралы естелік**

Омбыдағы Кадет корпусында Шоқан Потанинмен дос болады. Потанин – қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуші, ғалым Шоқан туралы естеліктерінде былай деп жазады: «...Мен Шоқанмен корпусқа оқуға келгенде таныстым. Ол орысша білмеді, мен қазақша білмедім. Бірақ Шоқан орыс тілін тез үйреніп алды. Екеуміз де кітап оқуды жақсы көрдік, әсіресе саяхатшылар туралы кітапқа қатты қызығатынбыз, сондықтан екеуміз жақсы дос болып кеттік.

Мен қазақ даласы мен географиясы туралы білгенімді дәптерге жазып жүрдім. Шоқан сол жазуларды өз әңгімесімен толықтырады. Сөйтіп, біз қазақтардың бүркітпен аңға шығуын толық жаздық.

Шоқан кейіннен оқуда орыс достарынан да озып кетті. Ақылды, дарынды балаға үлкендер де қызыға қарайтын. Демалыс күндері оны офицерлер мен Сібір шенеуніктері үйлеріне шақыратын. Ол қаладағы өнерлі, білімді адамдармен көп араласып тұрды.

Шоқан өте көп оқитын, саяхатшы болуды армандайтын. Қаладағы кітапханадан кітап алу сол кезде тек Шоқанға ғана рұқсат етілді. Ол әкелген кітаптарды мен де оқитынмын.

Біз Шоқаннан үлкен болсақ та, білім жағынан ол бізден әлдеқайда жоғары еді. Корпус оқушылары үшін Шоқан «Еуропаға ашылған терезе» секілді еді».

### **Мәтінге байланысты тест тапсырмалары**

#### **11. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Ш.Уәлиханов Кадет корпусында оқыды.
- B) Шоқан Потанинмен жақын жолдас болды.
- C) Потанин Шоқаннан бірнеше жас кіші болды.
- D) Екі дос саяхатшылар туралы кітаптарды көп оқитын.
- E) Шоқанға ғана қаладағы кітапханадан кітап алуға рұқсат берілді.

#### **12. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- A) Шоқан Омбыда қайда тұрды?
- B) Шоқан кітапханада кіммен танысты?
- C) Шоқан Потанин туралы қай кітабында жазды?
- D) Шоқан саяхатқа кімдермен барды?
- E) Шоқан мен Потанин қалай дос болды?

#### **13. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Шоқан ешкімге сырын айтпайтын.
- B) Шоқан өте дарынды, алғыр еді.
- C) Шоқанның достары қазақша жақсы білді.
- D) Шоқан дарынды балаларға қызыға қарайтын.
- E) Шоқан Қашқарияға баруды армандады.

#### **14. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.**

- A) Шоқанның өнерлі достары өте көп.

- В) Ол білімді адамдармен жақсы таныс болатын.
- С) Шоқан қаладағы өнерлі, білімді адамдармен жақын араласты.
- Д) Шоқан қаладағы өнерлі, дарынды балалармен араласып тұратын.
- Е) Шоқан көп адамдардан озық болды.

**15. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.**

- А) Шоқанның орыс тілін тез меңгеруі
- В) Шоқанның саяхатшы болуды армандауы
- С) Оқу кезіндегі Шоқанның зеректік танытуы
- Д) Шоқанның корпус оқушыларынан ерекшелігі
- Е) Шоқанның адамдармен тез тіл табысуы

**3-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Ертеде бір жас жігіт өзінің кедейлігін айтып, әрдайым мұңын шағудан жалықпайды екен.

- Шіркін-ай, егер менің байлығым көп болса, ... - деп зарлауын қоймапты.

Бір күні жігіттің лашығының алдынан қарт тас қашаушы өтіп бара жатып, зарлап отырған жігіттің қасына келеді.

- Саған не болды сонша жыланып? Сен нағыз бай адам емессің бе? - дейді.

- Мен баймын ба? - деп жігіт таң қалады. – Ол қандай байлық?

- Сенің көздерің ше? Бір көзіңді біреуге қаншаға сатып берер едің? - деп сұрайды қарт.

-Оның не?! - деп шошып кетеді жігіт, - көзімді ешқандай байлыққа айырбастамаймын.

- Ал енді екі қолың мен аяғыңның біреуін алтынға айырбастар ма едің?

- Жоқ, ешқайсысын да алтынға айырбастамаймын, - дейді жігіт.

- Міне, көрдің бе, сен өте бай адамсың. Адамның ең үлкен байлығы – күш-қуаты мен денсаулығы, - дейді қарт. – Оны ақшаға сатып ала алмайсың. Қарт осыны айтады да, жөніне кетеді.

**16. Жас жігіттің бірінші сөйлеміндегі көп нүктенің орнына не жазған дұрыс?**

- а) жақсы өмір сүрдім
- в) жақсы өмір сүріп едім
- с) жақсы өмір сүрген едім
- д) жақсы өмір сүрер едім

е) жақсы өмір сүрсем едім

**17. Жігіттің негізгі қателігі неде?**

а) өмірді тым көңілді өткізуінде

в) өте сараң болуында

с) өзінде барын дұрыс бағаламауында

д) жалқау болуында

е) еріншек болуында

**18. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

а) Күлме досыңа, келер басыңа.

в) Аурудың жақсысы жоқ,  
Дәрінің тәттісі жоқ.

с) Бірінші байлық – денсаулық.

д) Ақылдан артық байлық жоқ.

е) Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

**19. Мәтіндегі негізгі ойды көрсетіңіз.**

а) Көзімді ешқандай байлыққа айырбастамаймын.

в) Адамның ең үлкен байлығы — күш-қуаты мен денсаулығы.

с) Саған не болды сонша жыланып?

д) Ешқайсысын да алтынға айырбастамаймын.

е) Екі қолың мен аяғыңның біреуін алтынға айырбастар ма едің?

**20. Мәтінде қандай синоним сөздер бар?**

а) ақша, айырбас

в) кедейлік, байлық

с) жылану, зарлау

д) шошу, таң қалу

е) сату, сатып алу